

№5 (177) Мамыр 2021 жыл

Магденцет

Құрмет

«Ерлікке тағзым – ардагерлерге құрмет» қайырымдылық акциясы

Бүгінде мұражай көненің көзін, өшпес тарихи мұраларды сақтайтын орын ғана емес, ол ұлттың тарихы мен мәдениетіне қатысты білімдерді ұрпақтан ұрпаққа мирас ететін мәдени орын, ең бастысы білім мекемесі екендігі баршаға мәлім. Отанын, елін, салт-дәстүрін қадірлейтін әрбір азамат ұлттық рухтың ұлағатын дәріптеп отырған орталық мұражай тәрізді мәдениеттегі қара шаңырақтың өсіп-өркендеуі үшін талмай тер төксе, нұр үстіне нұр болмақ. Осыған орай мұражайдың кәсіби біліммен қатар, тарихи және эстетикалық сана, эрудиция, қоғам талабына жан-жақты жауап беретін кемел де зиялы өскелең ұрпағын жетілдіруге үлес қосу міндеті тұр. Мұражайдың жас ұрпаққа көркемдік-эстетикалық тәрбие беру, тұлғаны қалыптастырумен қатар, ерекше ғылыми-зерттеу, мәдени-білім беру институты ретінде рөлі зор.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық мұражайы елдегі пандемия, жалпыға міндетті карантин кезінде қалыптасқан дәстүрді жалғастырып бүкілхалықтық мереке – Жеңіс күніне орай, Ұлы Отан соғысының ардагерлерін қолдау мақсатында «Ерлікке

тағзым – ардагерлерге құрмет» қайырымдылық акциясын өткізді.

Акция ардагерлерге әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылды.

Аталмыш акция аясында Орталық мұражай қызметкерлері санитарлық-эпидемиологиялық

нормаларды сақтай отырып, «Ардагерлерімізді бірге құттықтаймыз!» бағыты бойынша мұражайдың тұрақты серіктестері мен демеушілері ұсынған сыйлықтарды табыс ету үшін ардагерлердің үйіне жол бастады.

Ұлы Отан соғысының ардагерлерін қолдау мақсатында



